

Нысан

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі/Сенаты**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі/Парламенті депутаттары бастама
жасаған «_____»**

**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Қазақстан
Республикасының Парламенті депутаттарының түзетулеріне
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының
Үкіметі/Парламенті депутаттары бастама жасаған «_____»
_____» Қазақстан Республикасы

Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің
Мәжілісі/Сенаты депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлайды.

1. Парламент депутаттары ұсынатын, Үкімет қолдайтын түзетулердің жеке
немесе өзара байланысқан топтар бойынша қысқаша мазмұны*.

** Егер қолдау табатын түзетулер мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің ұлғаюына
немесе кіріс бөлігінің қысқаруына әкелетін болса, онда Республикалық бюджет комиссиясының
осындай шығын мақұлданған отырысы хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі.*

2. Ескертулер мен ұсыныстар бар түзетулер:

Түзетулердің мазмұны олардың мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына
сәйкестігін, түзетулердің қандай нысаналы топтарға бағытталғанын (түзетулер
қозғайтын нысаналы топтарға сипаттама беру: азаматтар, кәсіпорындар, ұйымдар,
мемлекет) сипаттай отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуға, ішкі саяси
тұрақтылыққа, діни қызметке, бірыңғай ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігіне әсері
туралы мәліметтерді сипаттай және мына нұсқалардың бірін: (ішінара қолдау
табады/қолдау таппайды) көрсете отырып қысқаша жазылады.

Мемлекеттік органдардың пікірі ескерілген ескертулер мен ұсыныстар әрбір
түзету бойынша жеке немесе өзара байланысқан түзетулер тобы бойынша дәйекті
түрде жазылады және ұсынымдық нысанда көрсетілуге тиіс, бұл ретте:

- 1) егер түзету ішінара қолдау тапса, түзетудің бөлігі нақты көрсетіледі;
- 2) Конституцияға, өзге де заңнамалық актілерге, Мемлекеттік жоспарлау
жүйесінің құжаттарына, басқа да құжаттарға қайшылықты көрсетіп, түзетуді

тұтастай немесе оның бір бөлігін қабылдамау себептеріне сілтеме жасалып, Үкімет ұстанымының негіздемесі қысқаша көрсетіледі;

3) түзетуді қабылдамаудың өзге де себептері көрсетіледі (Президент тапсырмаларына, нақты салада жүргізіліп жатқан саясатқа, заң жобасының, оның ішінде мемлекеттік шығыстың ұлғаюын немесе мемлекеттік кірістің қысқаруын көздейтін тұжырымдамасының өзгеруіне байланысты мақсаттарына сәйкес келмеуі);

4) егер мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің ұлғаюы немесе кіріс бөлігінің қысқаруы себебінен түзетулерден бас тартылса, онда Республикалық бюджет комиссиясының осындай шығын қолдау таппаған отырысы хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) қажет болған жағдайда Үкімет түзетудің редакциясын ұсына алады**

***Түзетудің редакциясы депутаттардың түзетулері қозғайтын немесе мазмұны бойынша олармен тікелей байланысқан заң жобасының құрылымдық элементтері бойынша ғана ұсынылуы мүмкін.*

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**
